



ETİKTİK



Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Оқушыларға етістік туралы жалпы түсінік бере отырып, етістік түрлерін, қолдану жолдарын үйрету.

Дамытушылығы: оқу, жазу арқылы ойлау қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылыққа дағдыландыру.

Тәрбиелілігі: мысалдарға алынған сөйлемдер арқылы оқушыларды ерлікке, Отанын сүйуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа білімді хабарлау, таным сабағы.

Сабақтың әдісі: Ой қорғау, топтастыру, сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырма, талдау.

Пәнаралық байланыс: Әдебиет, тарих, орыс тілі.

Сабақтың көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты тірек сызба, лекция, жаттығулар компьютерлік слайдтар.



Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі:

Сәлемдесу, сабаққа даярлау

2. Бүгінгі сабақтың құрылымымен таныстыру:

Сабақ “Ашық журнал сабағы” деп аталады

1. Қайталау – оқу анасы. (Үй тапсырмасын тексеру)
2. Жаңа сабақ кұпиясы (Жаңа сабақ түсіндіріледі)
3. Білімді мыңды жығар (Жаттығу жұмыстарын жүргізу)
4. Білімді байқап көр (Бекіту сұрақтары)



“Қайталау – оқу анасы”

ТЕСТ



Жаңа сабақ құпиясы

Етістік

Етістік туралы түсінік

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы. Етістік не істеді? Не қылды? Қайтті? (немесе не істеді? Қайтіп? Не істесе т.б.) деген сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: Көп ойласаң, дана боласың, көп ойнасаң, бала боласың. Көкек көріп қарлығашты, қиғаш келіп амандасты.

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім, басқа жануарды теңгермедім.

Берілген мысалдарда ойласаң, ойнасаң, (сен не істесең?), боласың (сен не істейсің?) көріп, келіп (көкек не істеп?) амандасты (көкек не істеді?) көрмедім, теңгермедім.



(мен не істедім?) деген сөздер заттың ұғымдағы сөздердің (сен, көкек, мен) қимылын, іс-әрекетін білдіріп тұр. Мұнда сөздер етістіктер деп аталады.



Етістіктің түрлері

Тұлғасына қарай

Негізгі:

Кел, бар

Туынды:

Шегем:

Құрамына қарай

Дара:

Айтты

Күрделі:

Айтып
болған еді:

Мағынасына қарай

Салт: жүр, ер, байла

Сабақты: ата, көр, тап, ел

Болымды: кел, бар

Болымсыз: келме, берме



Білімді мыңды жығар (жаттығулар жұмысы)

1 жаттығу: Дара етістіктің астын бір, күрделі етістіктің астын екі сызыңдар

Шешеннің өзіне тиісті он бес минуттан үш минут асып кеткен еді. Осы шақта арбадан мол денелі жолаушының өзі де түсті. Енді шопан деген мамандықтар дәрежесінде естіледі. Ербол Абай сөздеріне сүйеніп отыр екен.



2 жаттығу: Салт етістікті бір топ етіп, сабақты етістікті екінші топқа көшіріп жазыңдар.

Бала жігіт бұйрықты екі етпеді. Үн – түпсіз бұрылды да, өз үйіне қарай жүре берді. Аздан кейін ол қараңғы түннің тас ойнына еніп, жоғалып кетті де, Ахметше тұсаумен байлай салған сықырлауықты босатып, қос босағаның етек киізін шешіп, төмен асырып жіберді.



3 жаттығу: Болымды етістіктен болымсыз етістік жасаңдар.

Асық жүгір. Шула. Айқайла. Тарық. Кейін. Бөгел. Сүрін. Күл. Жағалас. Сыз. Теп. Ти. Ұмыт. Жоғалт. Атта. Секір. Боя. Өмір. Қи. Ал. Аш. Тасы. Сұра. Төк.

4 жаттығу: Берілген сөздердің қайсысы туынды етістік, қайсысы негізге етістік екенін анықтаңыздар.

Шығар, жаптыр, отыр, жазғыз, хор, өргіз, көгенде, бұландыр, күркіре, барған, жүгір, сөйле, оқы, ал, келтір, кешір, жарып, келетін, айт, төсе, қоюлан, ағарту, көгеріп, жеткен, қайт, қал, аула, ұста, мұнарту, біл, көр, үйрен, көмектес, жалқауланба.



5 жаттығу: Төмендегі күрделі етістіктермен сөйлем құрастырыңыз.

Келіп кет, алып кет, көріп кет, шығып кет, беріп кет, қайтып кет, алып кел, барып кел, қайтып кел, айтып кел, біліп кел, сұрап кел, беріп кел, жүріп кел, озып кел.

6 жаттығу: Мәтіндегі іс-әрекетті білдіріп тұрған сөздерге сұрақ қойып, етістіктің қай түрі болып тұрғанын айтыңыздар.

Үлгі: қашып келеді – болымды етістік, баяндауыш.



Рәбиға зұлымдық пен зарлықтан қашып келеді. Қалық қарға омбылап, майтығып келеді. Ол бүгінгі күні бауыры Мұқашқа ат әкел деп тапсырған болатын. Соның берген уәдесіне сеніп, үйінен жалғыз шығып кеткен. Кеш батты, түн бола бастады. Бауырының атын атап шақырады, жылайды.

Рәбиға қиналған күйде: “Енді өлдім-ау!” – деп бойұсына берген уақытта ғана көмегіне сеніп шыққан бауыры Мұқаш келіп, тауып алды.



“Білімінді байқап көр”

ТЕСТ



Үйге тапсырма

Өздерің оқып жүрген әдеби кітаптан 20 сөйлем жазып, оларға морфологиялық сатылай кешенді тандау жасап келу.



Салт: Мағынасы жағынан тура объектіні табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер салт етістіктер деп аталады.

Салт етістіктер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркесе беруі мүмкін, бірақ табыс септіктегі сөзбен байланыспайды.



Дара: Бір ғана сөзден тұратын негізгі етістік дара етістік деп аталады. Мысалы: Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызды. Қозының жамырағанын Байторының сақ құлағы бағана сезген. Бұл сөйлемдердегі салғызды, жамырағанын деген етістіктер дара етістіктер болып табылады.

Өйткені бұлар-бір ғана сөзден тұратын негізгі етістіктер. Әрқайсысының өз алдына мағынасы бар, белгілі бір сұраққа жауап беріп, сөйлем мүшесі қызметін атқарады жұрттар не істеді? – салғызды (баяндауыш), нені сезген? – жамырағанын (толықтауыш), құлағы қайткен? – сезген (баяндауыш).



Болымды: Іс-әрекеттің, амал-қимылдың жүзеге асқанын, асатындығын, асуын білдіретін форма етістіктің болымды түрі деп аталады.

Мысалы: бар, көтер, сөйле, шық, жаз, кел.



Болымсыз: Іс пен әрекеттің, амал мен қимылдың жүзеге аспауын, орындалмауын білдіретін форма етістіктің болымсыз түрі деп аталады. Етістіктің болымды түрі түбір, туынды және күрделі етістіктер арқылы берілетін болса, оның болымсыз түрі болымды етістіктердің түбіріне – ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, жұрнағын жалғау арқылы жасалады.

Мысалы: бар-барма, көтер-көтерме, сөйле-сөйлеме, шық-шықпа, жаз-жазба, кел-келме т.б.



Сабақты: Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер сабақты етістіктер деп аталады. Сабақты етістіктер кімді? Нені? (кейде табыс септіктің жасырын түрі-не?) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады.

Мысалы: Сөзді сен баста. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. Бұл сөйлемдердегі баста, жазбаймын деген етістіктер сөз, өлең деген сөздердің табыс септікте тұруын талап етіп тұр.



Күрделі: Екі я одан көп құралып, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер күрделі етістіктер деп аталады.

Мысалы: Ауылда қосақтағы қойлар маңырап жатыр екен. Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен. Берілген сөйлемдердегі маңырап жатыр екен (қойлар қайткен?) жамап отыр екен (қыз не істеген?) дегендер-күрделі етістіктер.



Негізгі: Сөздің негізгі түбірі етістік болса, ол негізгі түбір немесе көріп, алған, салған т.б.

Мысалы: кел, бар, жүр, көр, ал, қойды, айтты, жайды, үйіп көріп, алған, салған т.б.



Туынды: Басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған етістіктер туынды түбір немесе туынды етістік деп аталады. Туынды етістіктер басқа сөз таптарынан (есімдер мен еліктеуіш сөздерден) белгілі жұрнақтар арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар:

1. ла, ле, да, де, та, те: шеге-ле, таза-ла, тіс-те, бас-та т. б.
2. а, е: ойн-а, бос-а, түн-е т.б.
3. ай, ей, й: мол-ай, аз-ай, көб-ей, қара-й т.б.
4. ар, ер, р: аға-р, көг-ер, қысқа-р т.б.
5. ғар, гер, қар, кер; бас-қа, ес-кер, тең-гер.
6. ық, ік, к: кеш-ік, зар-ық, бір-ік т.б.
7. ыра, іре: жар-ық, желб-іре т.б.

